



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

27.09.24 ж.

445-НҚ

Астана қаласы

№ _____

город Астана

**Республикалық жастар ұйымдарымен
ынтымақтастықты нығайту жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол
картасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 14 наурыз №32-17 / 9623 ПАБ-3қбп тапсырмасын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Республикалық жастар ұйымдарымен ынтымақтастықты нығайту жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті Жол картасы шеңберінде көзделген іс-шаралар бойынша жұмысты үйлестіруші болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті Жол картасын орындауға жауапты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл кезінде:

1) Жол картасын іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) жауапты мемлекеттік органдардың 2026 жылдың соңына дейін, жыл сайын 10 ақпанға Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне Жол картасының іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

А. Балаева

004134

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі

С. Нұрбек

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі

Ғ. Бейсембаев

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің
2024 жылғы « »
№ бұйрығына қосымша

Республикалық жастар ұйымдарымен ынтымақтастықты нығайту жөніндегі
2024-2026 жылға арналған ЖОЛ КАРТАСЫ

№ п/п	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар
Күтілетін нәтижелер: 1. Республикалық жастар ұйымдары қатысушыларының хабардар болу деңгейін және кәсіби құзыреттілігін арттыру. 2. Ұйымдық құрылымдарды нығайту және жастар ұйымдары қызметінің тиімділігін арттыру. 3. Ұсынылған ресурстар есебінен іске асырылған жастар жобаларының санын ұлғайту және олардың сапасын жақсарту. 4. Жастар бастамаларын аса тиімді іске асыруға ықпал ететін жастар ұйымдары мен мемлекеттік билік органдары арасындағы өзара іс-қимыл мен үйлестіру деңгейін арттыру.				
1 бағыт. Ақпараттық-әдістемелік қолдауды күшейту				
1.	Мемлекеттік органдармен ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру және жастардың әртүрлі топтарымен жұмыс істеу бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында РЖҰ қызметіне талдау жүргізу	талдау	2024 жылғы желтоқсан	МАМ, ЖАО, РЖҰ, «Жастар» ҒЗО (келісім бойынша)
2.	Жастар саясаты мәселелері жөніндегі өңірлік салалық басқармалардың сайтында, ЖРО аккаунттарында және өзге де ресми ақпараттық ресурстарда орналастыру мақсатында өңірлік жастар ұйымдарының ақпараттық базасын қалыптастыру	ақпараттық база	2024 жылғы желтоқсан	ЖАО
3.	«Eljastary.kz» сайтында қолданыстағы РЖҰ туралы егжей-тегжейлі ақпарат (паспорт, миссия, функциялар, мүшелік қағидалары, байланыс деректері, сілтемелер және т. б.) қамтылған жеке блог (бөлім) құру және оны үнемі жаңартып отыру	Eljastary.kz сайтын ақпаратпен толықтыру	2024 жылғы желтоқсан	МАМ, ЖАО, «Жастар» ҒЗО (келісім бойынша), РЖҰ

4.	Республикалық телеарналардың телебағдарламалары шеңберінде РЖҰ мен жастар ұйымдары көшбасшыларының қызметі туралы тақырыптық роликтер түсіру және оларды кейіннен әлеуметтік желілерде тарату	роликиер	2025 жылғы шілде	МAM, РЖҰ
5.	Менеджмент, дағдарыстық коммуникациялар және жеке брендті дамыту бағыттары бойынша РЖҰ басшылары мен мүшелері үшін оқыту іс-шараларының сериясын ұйымдастыру	сертификаттарды табыстау	2025 жылғы қыркүйек	МAM, ЖАО, РЖҰ
6.	РЖҰ іске асыратын іс-шаралар мен әлеуметтік жобалар шеңберінде ұйымдық және ақпараттық қолдауға жәрдем көрсету	есептік ақпарат	тұрақты	МAM, ЖАО
7.	«Қазақстан жастары» ұлттық баяндамасының құрылымына жастар ұйымдарының рөлі мен қызметі мәселелеріне арналған тақырыптық блокты енгізу	Ұлттық баяндама	2025 жыл	МAM, «Жастар» ҒЗО (келісім бойынша)
8.	Студенттік жастардың қызметін жария ету және тарту мақсатында ЖОО және колледждер базасында РЖҰ көшбасшыларымен кездесулер, дәрістер өткізу	баспасөз релизі	2024-2025 жылдар	ҒЖБМ, ОAM, МAM, РЖҰ
9.	«Jastar Live» жобасы аясында РЖҰ көшбасшылары мен өкілдерінің қатысуымен подкасттар немесе сұхбаттар дайындау	подкасттар	2025 жылғы қараша	МAM, «Жастар» ҒЗО (келісім бойынша)
2 бағыт. Институционалдық әлеуетті дамытуға жәрдемдесу				
10.	РҚБ басшыларымен мемлекеттік жастар саясатын іске асыру және РҚБ дамыту мәселелеріне арналған тоқсан сайынғы консультативтік кездесулерді ұйымдастыру	есептік ақпарат	2024-2025 жылдар тоқсан сайын	МAM, РЖҰ
11.	РЖҰ басшылары мен өңірлік өкілдерін мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мәселелері жөніндегі өңірлік консультативтік-кеңесші органдардың құрамына қосу (әкімдіктер жанындағы Жастар істері жөніндегі кеңестер)	жаңартылған құрамдар	тұрақты	ЖАО
12.	Өңірлерде, оның ішінде білім беру ұйымдарында (ЖОО, колледждер, мектептердің жоғары сыныптарында) филиалдарды ашу есебінен РЖҰ қызметін күшейту	филиалдардың ашылуы	2025 жылғы 3-тоқсан	МAM, ҒЖБМ, ОAM, ЖАО, РЖҰ
13.	РЖҰ басшыларының мемлекеттік жастар саясатын іске асыру саласындағы ірі өңірлік және халықаралық іс шараларға қатысуын ұйымдастыру	есептік ақпарат	тұрақты	МAM, ЖАО, РЖҰ

3 бағыт. Бастамаларды ұйымдық және қаржылай қолдауды кеңейту				
14.	Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру шеңберінде РЖҰ-мен стратегиялық әріптестікті іске асыруға мемлекеттік тапсырыс шарттарын жасасу мәселесін пысықтау	мемлекеттік тапсырыс шарттары	2024 жыл	МАМ, Қаржымині
15.	Жобаларды іске асыруға арналған гранттарды, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қоса алғанда, жастар ұйымдары үшін қолдау тетіктерін іске асыру	жобалар	тұрақты	МАМ, ЖАО
16.	Бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде жастар жобаларын іске асыру бойынша РЖҰ-ның ірі компанияларымен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен өзара іс-қимыл тетіктерін пысықтау	меморандумдар, келісімдер	2025 жылғы 3-тоқсан	МАМ, ЖАО, РЖҰ
17.	Кәсіпорындардың жастар істері комиттерімен, жастар кәсіподақ ұйымдарымен өзара іс-қимыл бағытындағы жұмысты жандандыру	есептік ақпарат	тұрақты	ЖАО
18.	РЖҰ-ның жастарды қолдаудың мемлекеттік шараларын (бағдарламалар мен жобаларды) ілгерілету жөніндегі ақпараттық жұмысқа қатысуын кеңейту	есептік ақпарат	тұрақты	МАМ, РЖҰ, ЖАО

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҒЖБМ	- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
ЖАО	- Жергілікті атқарушы органдар
«Жастар» ҒЗО	- «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы» ЖШС
ЖРО	- Жастар ресурстық орталықтар
Қаржымині	- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
МАМ	- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
ОМ	- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
РЖҰ	- Республикалық жастар ұйымдары